

ӘДЕБИЕТТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
LITERATURE

МРНТИ 17.83.30

<https://doi.org/10.51889/2021-4.1728-7804.02>

*Әбдіғазизұлы Б.¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан
филология ғылымдарының докторы, профессор, b.abdigaziuli@mail.ru

АБАЙДЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ АЙНАЛАСЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақала ұлы ақын Абайдың даналығын тануда айрықша орын алатын мәселе - оның шығармашылық тұрғыдан өсуіне мүмкіндік тудырған қоғамдық ортасын, отбасы өнегесін, замандастары мен ізбасар шәкірттері ортасындағы көшбасшылық тұлғасын зерттеу мәселелеріне арналған. Абайдың даналығы отбасындағы тәрбиеден, ақылгөй әже өнегесінен, ықпалды ата-ана тағлымынан бастау алатыны сөзсіз. Кейінірек қоғам ісіне араласуы, ел басқаруы, билік айтуы, аласапыраны мол тарихи дәуірде Алаш қайраткерлерімен бірлесе қоғамдық істерге араласуы оны қазақ даласының дана тұлғасына айналдырды. Бүгінде ұлы ойшыл Абайдың тұлғалық өсуіне ықпал жасаған осы жайларды зерттеудің маңызы зор. Мақалада Абайдың ақындық мектебі мен шығармашылық айналасын, өмір сүрген ортасын танытуға үлес қосқан энциклопедиялық еңбектер, Құнанбай қажы, Шәкәрім және Алаш арыстары туралы жарық көрген зерттеу жұмыстарына талдау жасалады.

Түйін сөздер: Абайдың даналығы, ойшыл, тұлға, қайраткер, сөз өнері

*Абдіғазизұлы Б.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абай,
Алматы, Казахстан
доктор филологических наук, профессор, b.abdigaziuli@mail.ru

ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ ЛИЧНОСТНОГО ОКРУЖЕНИЯ АБАЯ

Аннотация

Статья посвящена проблеме, занимающей особое место в познании мудрости великого поэта Абая - изучению его общественной среды, нравственности семьи, лидерской личности в среде современников и последователей, что способствовало его творческому росту. Мудрость Абая, несомненно, берет свое начало в воспитании в семье, в умении ақылгөй әже, в воспитании влиятельных родителей. Позднее вмешательство в дела общества, руководство страной, власть, участие в общественных делах совместно с деятелями Алаша в эпоху Великой Отечественной войны сделали его мудрой личностью казахской степи. Сегодня важно исследовать эти помещения, которые способствовали личностному росту великого мыслителя Абая. В статье анализируются энциклопедические труды, посвященные акынской школе Абая, его творческому окружению, среде его жизни, а также опубликованные исследовательские работы о Кунанбае қажы, Шакариме и Алаше.

Ключевые слова: мудрость Абая, мыслитель, личность, деятель, искусство слов

*Abdigaziuly B.¹

¹*Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan
doctor of Philology, professor, b.abdigaziuli@mail.ru*

PROBLEMS OF STUDYING ABAY'S PERSONAL ENVIRONMENT

Abstract

The article is devoted to the problem that occupies a special place in the knowledge of the wisdom of the great poet Abai - the study of his social environment, family morality, leadership personality among contemporaries and followers, which contributed to his creative growth. The wisdom of Abai undoubtedly originates in the upbringing in the family, in the ability of akylgoy azhe, in the upbringing of influential parents. Later intervention in the affairs of society, the leadership of the country, power, participation in public affairs together with the leaders of Alash in the era of the Great Patriotic War made him a wise person of the Kazakh steppe. Today it is important to explore these premises, which contributed to the personal growth of the great thinker Abai. The article analyzes encyclopedic works devoted to the Aksyn school of Abai, his creative environment, the environment of his life, as well as published research papers on Kunanbai kazha, Shakarim and Alasha.

Keywords: wisdom of Abai, thinker, personality, activist, art of words

Кіріспе. Бүгінгі таңда ұлттық құндылықтарымызды, тамыры терең тарихымызды түгендеп бағалау, зерттеп-зерделеу ісі жан-жақты серпін алып отыр. Соңғы онжылдықтарда Алаш арыстарының, сын сағаттарда ұлтымыз болашағы, еліміздің азаттығы жолында тер төгіп, жанын құрбан еткен қайраткер аға ұрпақ өкілдерінің өмір жолы мен шығармашылық мұралары жөнінде ауқымды зерттеу еңбектері дүниеге келді.

Күні кеше ғана әл-Фараби мен Абай сынды даналарымыздың мерейтойларын әлемдік деңгейде атап өтілді. Ұлы даланың осынау қайталанбас тұлғаларының асыл мұралары адамзат баласының рухани қазынасына айналды. Әлемнің әр түкпірінде түрлі тілдерде әл-Фарабидің, Абай бабамыздың кітаптары жарық көрді, олар жайында зерттеу еңбектері жарияланды. «Әлемдік мәдениетте Абайды Ұаншалықты жоғары дәрежеде таныта алсақ, ұлтымыздың да мерейін соншалықты асқақтата түсеміз»[1].

Әрине, ата-баба мұрасын зерттеу, рухани қазынасын ертеңгі ұрпаққа насихаттап жеткізу бағытындағы міндет мұнымен шектелмейді. Бабаларымыздан бізге жеткен рухани мұраларды мұхитқа теңейтін болсақ, сол мұхиттың әр тамшысында тұнып жатқан маржандарды ерінбей елеп-екшеп алу – қасиетті парызымыз.

Сондай асыл маржандардың бірі – ұлы Абайдың туып-өскен ортасы, өмір сүрген айналасы. Бүгінге дейін Абайдың әдеби мектебі, шығармашылық айналасы, ақын шәкірттері төңірегінде бірқатар құнды зерттеулер жазылды. Абайдың ақындық дәстүріне рухани-мәдени құбылыс ретінде баға берілді.

Бұл мақалада Абайдың тұлғалық айналасын тануда қандай жұмыстар атқарылып жатыр деген мәселеге аз-кем назар аудармақпыз.

Әдістеме. Қазақ елінің біртуар данасы Абай Құнанбайұлының тұлғалық айналасы бүгін үлкен мәдени құбылыс ретінде қабылданса, мұны өз әкесі Құнанбай Өскенбайұлының қайраткерлік тұлғасымен замана аясындағы пайым-парасатынан, бауыры Шәкәрім Құдайбердіұлының шәкірттігінен, ақындығы мен ойшылдығынан, сондай-ақ тағдыры алты алашқа мәлім ерлердің ізі қалған Семей шаһарынан, Алашорда үкіметінен, Алаш қаласынан бөліп қарау мүмкін емес. Ұлт қамын ойлаған ұлы тұлғалардың ортасы мен іс-әрекеті, шығармашылығы мен күресі өзара сабақтастықта дамып отырған.

Абайдың тұлғалық айналасын зерделеу ұлт тізгінін ұстаған Әлихан Бөкейхан, заңғар жазушы Мұхтар Әуезов заманынан бастау алғаны тарихтан белгілі. Кеңес өкіметінің біржақты таптық идеологиясы зардабынан ондаған жылдар бойы жабық болып келген бұл тақырып Қазақстан егемен мемлекет санатында саяси тәуелсіздігіне қол жеткізген шақта ғана қайта зерделенуге мүмкіндік алды.

Жаңа ғасырда гуманитарлық ғылым талабының жаңашыл бағытымен тұлғатану, саяси элита өкілдерінің қайраткерлік қызметтерін және ең бастысы, әрбір ұлт пен ұлыстың өркендеуіне жаһандық санатта үлес қосатын жасампаз идеяларды туындатқан интеллектуалдар туралы жазу үдерісі қалыптаса бастады. Бұл дәстүр үлкен ғылыми мектептің іргесін қалады.

Нәтижелер. Міне, Ұлы Абайдың айналасындағы орта, атап айтқанда, ақынның әкесі, ақын шәкірттері, т.б. туралы, яғни ақынның тұлғалық айналасын таныту мақсатында соңғы ширек ғасырдай уақыт ішінде жарық көрген Т.Жұртбайдың «Құнанбай», «Шәкәрім» тұлғалық энциклопедиясы мен Е.Сыдықовтың «Шәкәрім және Алашорда», «Алаш қаласының тарихы» кітаптары, Мәскеудегі әйгілі «Молодая гвардия» баспасының «Жизнь замечательных людей» (ЖЗЛ) сериясымен орыс тілінде шыққан «Шәкәрім» ғұмырнамалық кітабы және «Құнанбай» тарихи-мемуарлық кітабы отандық және еуразиялық тұлғатану ғылымына зор жаңалық болып енді. Бұл кітаптардың бәрін тоқайластыратын тақырып – ең алдымен, Абай айналасының өзара заманауи байланыстығын тұлғаландыру; екіншіден, тарихи кезеңдегі ұлт-азаттық идеясы жолындағы ұлт зиялыларының қайраткерлік келбетін айшықтау және олардың «тар жол, тайғақ кешудегі» тағдырларын тарихи деректермен дәйектеу; үшіншіден, авторлық тың көзқарастар, пайымдар мен тұжырымдар. Бұлар – гуманитарлық ғылымдар контекстінде жаңа ғылыми ізденістің бастамасы деуге толық негіз бар.

Талқылау. «Шәкәрім» энциклопедиясының шығуы – өткен кезеңнің көрнекті тұлғалық басылымдары «Шекспир», «Гете», «Шиллер», «Гюго», «Пушкин», «Абай» сынды энциклопедиялардың жарық көруімен және ауқымымен, маңызымен салыстырылатын мәдени шара.

«Шәкәрім» тұлғалық энциклопедиясының мазмұнын ақынның өмірі мен шығармашылық мұрасын зерделеген, өмір сүрген дәуірінің ерекшелігін сипаттаған мақалалар құрайды. Әсіресе «Шәкәрімнің даналық келбетін толық ашу үшін көзі тірісінде араласқан, немесе еңбегін оқып, пікір таласқан ірі тұлғалар, сондай-ақ қатар жүрген дос-жарандар, туған-туысқан, ұрпақтары және ақын шығармаларында көрініс тапқан тарихи тұлғалар, жер-су аттары кеңінен, жан-жақты қамтылған.»[2. 7]

«Шәкәрім» энциклопедиясының сөздігіне екі мыңға жуық есім енгізілген. Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылығы туралы жаңа фактілер алғаш рет айналымға түскен. Оған ақын шығармаларының барлығы, қолжазбалар мен естеліктер, мұрағат материалдары, мақалалар мен зерттеулер кіреді. Ақын өмірінің белгілі бір кезеңі шетелдерді саяхаттауға және таным көкжиегін кеңейтуге арналды. Абай Құнанбайұлының нұсқауынан кейін және оның қаржылай қолдауымен Шәкәрім Түркияға барып, Стамбул кітапханасындағы ежелгі мәтіндерді оқып, Меккеде қажылық парызын өтеді. Ш.Құдайбердіұлының Францияда Париж кітапханасында сақталған ежелгі кітаптардың мол жинағына ерекше назар аударуы, Абайдың кеңесімен Лев Толстой мен Александр Пушкин сынды орыс классиктерінің шығармаларымен танысуы, Шығыс шайырларынан Хафиз, Физули, Навои шығармалары қызықтыруы, сондай-ақ ақын ағылшын және америкалық жазушылар мен романтикалық дәуір ақындарының шығармашылығымен танысуы энциклопедиядағы мақалалар арқылы кең ауқымда көрініс тапқан.

Энциклопедияда тарихи тұлғалардың және оның кейбір шығармаларындағы кейіпкерлердің түптұлға есімдері де бар. Мысалы, Әнет баба, Қабанбай, Қалқаман - Мамыр,

Еңлік - Кебек, Нартайлақ - Айсұлу және т.б. Оған қоса, энциклопедияға Шәкәрімнің шығармаларындағы әдеби бейнелер туралы бөлек мақалалар да енгізілген.

Сөздікте Шәкәрімнің өміріне қатысты әрі шығармаларында көрініс тапқан географиялық атаулар; тарихи маңызы бар жерлер; Семей, Ыстанбұл, Мекке, Париж сияқты Шәкәрім болған қала атаулары, Шәкәрімнің атымен байланысты елді-мекендер, көшелер, оқу орындары және т.б. да қамтылған.

Энциклопедияда Шәкәрімнің көзі тірісінде қарым-қатынаста болған белгілі тұлғалар туралы мақалалар да орын тепкен. Бұл орайда ақынның ата-бабалары мен тума-туыстары, жалпы ақынға қатысты шежірелік мәлімет берілгенін көреміз.

Энциклопедияға Шәкәрімнің көзін көрген Ә.Бөкейхан, М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов және басқа да қазақ халқының көрнекті тұлғаларының есімі енуі ұлы ақын өмір сүрген және қызмет еткен дәуірдің мән-мазмұнын аша түскен.

Ұлы Абайдың тұлғалық айналасын жарқырата көрсететін «Шәкәрім» энциклопедиясы – жеке ақынның ғана емес, бүкіл халқымыздың рухани өмірнің шежіресі. Бұл – тарихи танымның жасампаздығы. Мұндай энциклопедияның Орталық Азияда әзірше баламасы жоқ. Бұл еңбек – ғалымның абайтану мен шәкәрімтануға қатар қосқан үлесі. Іргелі зерттеулерінің бір белесі.

Аталған энциклопедия Шәкәрімнің барлық мұрасын толық қамти отырып, ақын мұрасын әлемдік руханият биігіне көтеруімен құнды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ерлан Сыдықовтың «Шәкәрім және Алашорда» атты тарихи деректі еңбегі[3] ұлы Абайдың талантты ақын шәкірті, ұлтымыздың ерен тұлғасы Шәкәрім Құдайбердіұлының «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің тұсындағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік ұстанымдарының сындарлы сәттегі көрінісін мұрағаттық деректер арқылы дәйектеп баяндауға негізделген.

«Шәкәрім және Алашорда» еңбегінде Шәкәрім Құдайбердіұлының белсенді қайраткерлік қызметі Алаш қозғалысы қайраткерлерінің «Алаш автономиясы» ұлттық-территориялық қалыптағы автономиялық мемлекеттік құрылымды қалыптастыру жолындағы тарихи әрекеттерінің барысымен сабақтастықта көрінеді.

Автор архив деректерін өзге де сирек деректермен жарыстыра талдап, кеңестік тоталитарлық жазалау жүйесінің Шәкәрім Құдайбердіұлына қарсы жасаған қылмысты әрекеттерін ашады. Алашорда ақсақалы тағдырына қатысты бұрын-соңды белгісіз боп келген, не қате тұжырымдар жасалған тарихи оқиғаларды дәйекті деректермен жан-жақты салыстыра талдап, тың пайымдаулар ұсынады.

Еңбектегі Абайдың тұлғалық айналасын толықтыратын деректер, материалдар бүгінгі ғылым талабына толық жауап береді.

Абай айналасындағы тарихи тұлғаларды зерттеген құнды еңбектердің бірі - 2012 жылы «Молодая гвардия» баспасынан «Жизнь замечательных людей» сериясы бойынша шыққан Ерлан Сыдықовтың «Шәкәрім» кітабы[4] болды. Бұдан кейінгі жылдары «Шәкәрім» кітабы қазақ, орыс, түрік, ағылшын, қытай тілдеріне аударылып, әлем оқырманына ұсынылды.

Кітап өмірі қилы заманға тұспа-тұс келген қазақтың көрнекті ақыны, философ Шәкәрім Құдайбердиевтің тағдырына арналған.

Ұлы Абайдың тұлғалық айналасын тануда айрықша орын алатын тарихи бейне – ақынның әкесі, өз заманында қазақ даласына кеңінен мәлім болған Құнанбай. Кеңестік дәуір Құнанбайды «бай, шонжар» ретінде жағымсыз кейіпте қабылдауға мәжбүр етсе, соңғы ширек ғасыр аясында Құнанбай өмірін зерттеу ісі қолға алынып, ақиқат деректерге құрылған ғылыми еңбектер дүниеге келді. Ақын әкесінің шынайы бейнесі сомдалды.

Бұл тақырыптағы алғашқы еңбек ғалым Т.Жұртбайдың «Құнанбай» атты зерттеу кітабы[5] болды. Автор Құнанбай қажыны тарихи тұлға әрі әдеби кейіпкер ретінде қатар ала

отырып, жан-жақты сараптама негізінде шынайы тұжырымдар жасайды. Шын мәнінде тарихи Құнанбай баласы Абайдың азаматтық қалыптасуында ғана емес, сол кезеңдегі қазақ даласындағы ел басқару, билік айту, әділеттілікті жолға қою тәрізді қоғамдық-әлеуметтік тұрмыс заңдылықтарын орнықтыруда да орасан зор ықпалды тұлға болғаны ақиқат еді.

Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы қарсаңында Мәскеудің «Молодая гвардия» баспасынан «ЖЗЛ» («Жизнь замечательных людей») сериясымен белгілі тарихшы, академик Ерлан Сыдықовтың «Құнанбай» атты кітабы[6] жарық көрді. Кітапта тарихи тұлға, ұлы ақынның әкесі – Құнанбай өмірбаянының және ол өмір сүрген заманның, бұрын белгісіз болып келген кейбір тұстары ашылады. Кітап Абай тұлғалық айналасын жаңа қырынан ашуымен ерекшеленеді.

Кітапта қазақ халқының тарихында терең із қалдырған белгілі тарихи тұлғаның өмірбаяны деректік түрде баяндалып, зерттеу объектісінің өмір жолы мен тағдыры аясында XIX ғасырдың тарихы тұтастай қарастырылады. Сондықтан да бұл кітап танымдық көркем тілмен жазылған тарихи зерттеу деуге негіз бар.

«Құнанбай» еңбегінің материалды беру тәсілі анағұрлым бөлек. Құнанбайдың туу дерегі мен шежіресіне арналған тарауда «би» және «шежіре» категориялары сараланады. Мұнда оларды жай ғана түсіндіріп қоймай, Тобықты руы қоныстанған жері – Шыңғыстау мен жалпы қазақ халқының тарихы байланыста баяндалады. Шәкәрім қазақ шежіресін жазу кезінде өзінің атасы Құнанбайға көп сүйенгені мәлім. Кітапта Құнанбайдың замандастары – Н.Аристов, С.Броневский, А.Янушкевич сияқты белгілі тарихшылар мен саяхатшылардың естеліктерінен сілтемелер келтіріледі. Осылайша автор Құнанбай білімінің олардан еш кем емес, ал кей тұстарында асып түскенін аңғартады. Бөлімдегі барлық тарауларда көшпелі өркениеттің әр түрлі кезеңдерінің тарихы өмірбаян желісіне сай әсерлі сараланады.

Құнанбай қажының ықпалы тек өзі басқарған уезд аумағына ғана емес, барша Орта жүзге тараған болса, қажылықтан кейінгі абыройы барша қазақ жұртына тарады. Осының барлығы жайдан-жай болған іс емес, тарихи Құнанбай өз заманының әйгілі шешені, дала заңының, әдет пен шариғаттың білгірі еді.

Аға сұлтан Құнанбайдың өз уезінде атқарған реформаларының басты мақсат ретінде ұлттық рухани құндылықтарды сақтап, оларды нығайту болды. Оған Қарқаралыда – мешіт, Меккеде – тәкие (қажыларға арналған қонақ үй) салдыруы айғақ бола алады. Бұл тұрғыда Құнанбай қажы өз заманынан озып туып, колониалдық биліктің рухани-идеологиялық экспансиясына қарсылық ұйымдастыра келе, еліміздің шетелдегі алғашқы дипломатиялық өкілеттілігін де ашты деуге болады. Ол өзінің өмір жолы арқылы жұртқа ұлағат көрсете білді. Құнанбай – әр ісінде Құдайды еске алып, өз еліне адал қызметін еткен адам. Ол – Абайдай баласына халыққа қызмет етуді бала жасынан қанына сіңіре алған үлкен әулеттің иесі. Жазылмаған дала заңы мен ұлт дәстүрін білуді, өмірге сергек қарап, ұстамды болуды ұрпақтарының бойына дарыта алған әке тағылымы айқын танылады. Ол ұрпағына ағартушылық ислам негіздеріне сүйеніп тәрбие берген, сонымен қатар баласы Халиоллаға еуропалық білім алғызған. Сол арқылы болашақтағы елдегі дәстүрлі білім беру жүйесінің де түбегейлі өзгерістерге ұшырайтынын сезгенін аңғартады.

Қорытынды. Ұлы Абайдың өмір сүрген ортасы, жүрген жерлері, тарихи мекендер мен оқиғалар, замандастары, ізбасарлары, ағайын ортасы жайында айтылар ой, жазылар еңбектер өте мол. Жоғарыда қарастырылған еңбектер солардың қатарынан заңды орын алатынына сенімдіміз. Ұлы ақынның тек шығармашылық мұраларын танумен қатар, оның өмір сүру салтын, замандастарымен қарым-қатынасын, қоғамдағы орны мен қызметін, бір сөзбен айтқанда, адами тұлғасын тану арқылы оның бүгінгі және ертеңгі ұрпақтар үшін ұстаздық даналығының биіктігін еселей түсетін боламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Тоқаев Қ-Ж. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. (Қазақ, ағылшын, араб, испан, қытай, орыс, француз тілдерінде). – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 20207 – 114 бет.
- 2 Шәкәрім. Энциклопедия. – Семей: 2008. – 864 бет.
- 3 Сыдықов Е. Шәкәрім және Алашорда.-Алматы:Раритет,2008. – 184 бет.
- 4 Сыдықов Е. Шакарим. ЖЗЛ. -Москва:Молодая гвардия, 2012. -352 с.7
- 5 Жұртбай Т. Құнанбай Т(Тарихи және әдеби тұлға).-Алматы:Алаш,2004. – 400 бет.
- 6 Сыдықов Е. Құнанбай. ЖЗЛ. –Москва: Молодая гвардия, 2020. – 351 с.

References:

- 1 Toqayev Q-J. Abai jane HHI gasyrdagy Qazaqstan.(Qazaq, agylshyn, arab, ispan, qytai, orys, frantsyz tilderinde). – Nur-Cultan: L.N.Gymilev atyndagy EUY, 20207 – 114 bet.
- 2 Shakarim. Entsiklopedua. – Semel: 2008. – 864 bet.
- 3 Sydyqov E. Shakarim jane Alashorda.-Almaty:Raritet,2008. – 184 bet.
- 4 Sydykov E. Shakarim. JZL. -Moskva:Molodaia gvardia, 2012. -352 s.7
- 5 Jurtbai T. Qunanbai T(Tarixi jane adebi tulga).-Almaty:Alash,2004. – 400 bet.
- 6 Sydykov E. Qunanbai. JZL. –Moskva: Molodaia gvardia, 2020. – 351 s.

МРНТИ 17.82.30

<https://doi.org/10.51889/2021-4.1728-7804.03>

**Найманбаев А.А.¹*

¹*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан
¹гуманитарлық ғылымдар магистрі, PhD докторант*

**Ә. КЕКІЛБАЕВ ПОВЕСТЕРІНІҢ СЮЖЕТТІК ЖЕЛІСІН ОҚИТУДЫҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Аңдатпа

Мақалада әдебиетті оқытудың маңыздылығы мен тиімділігі туралы баяндалады. Оқыту әдістемесінің қалыптасу кезеңі жайлы сөз қозғайды. Ә.Кекілбаев повестеріндегі көркемдік ізденіс, суреткерлік, баяндау, ұлттық таным мәселелері зерттеледі. Повестерінің тақырыптық жүйесіне тоқталып, мәтін талдау арқылы көркемдік идеясы сипатталады. Автор жазушы шығармашылығындағы жаңа ізденіс бағыттарын жинақтап, тарихи және заманауи тақырыптардағы туындыларының құрылымын, көркемдік-эстетикалық табиғатын танытады. Авторлық ұстаным ұлттық тұрғыдан сипатталады. Бүгінгі таңда білім алушыларға Ә.Кекілбаев повестерін оқыту аясында ұлттық құндылықтар қалыптастыру барысы сөз болады.

Түйін сөздер: Әдеби шығарма, әдебиетті оқыту, Ә.Кекілбаев, автор, қаламгер, повест, баяндау, этнография

**Naimanbayev A.A.¹*

¹*Abai Kazakh National pedagogical university,
Almaty, Kazakhstan*

¹*Master of Humanities, PhD doctoral student*